

жетп 2-15
28.05.2025ж.

Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г. Алматовқа

**Отырар ауданы «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік аттестаттау
барысында анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТ**

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2024 жылдың наурыз айында мемлекеттік аттестаттаудан өткізілді. Мемлекеттік аттестаттау барысында төмендегі кемшіліктер анықталды:

1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптары сақталмаған. Балабақшаның ҰББДҚ -ындағы балаларды жас ерекшелігіне қарай топтастыруды реттеу.

Кемшіліктер түзетілді: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар бойынша қателікпен жұмыс атқарылып кемшілік жойылды. Атап айтқанда балабақшаның ҰББДҚ қоры мәліметтері талапқа сәйкестендіріліп, 2024-2025 ож Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 қосымша) толықтырылып төменде құжат танысу үшін ұсынылды. Сонымен қатар тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 27 сәуірден 11 мамыр аралығында жүзеге асыруда жіберілген қателіктер талапқа сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының <https://aigolek.baqsha.edu.kz/> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

2. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ы ұсынған ресми сайттағы педагогтер туралы мәліметтер бойынша балабақша тәрбиешісі М. Кабулованың санаты бойынша ресми сайтта құжаттары жүктелмеген.

Кемшіліктер түзетілді: Балабақша тәрбиешісі М. Кабулова санат бойынша тесттен өтті куәлігі ресми сайтқа құжаттары жүктелді, Құжаттары балабақша сайтының <https://aigolek.baqsha.edu.kz/> кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

3. Тәрбиеленушіні 1-сыныққа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптар сақталмаған

Кемішіліктер түзетілді: 2024-2025 ож Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымында көрсетілгендей балабақшада жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар сәйкестендіріліп, МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарын сақтау арқылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 26-тармағына сәйкестендірілді.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі: *Мәсімет Т. Жакыпбекова*

